

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1183 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысының әкіміне Курчатов қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы объектілерін 2004-2005 жылдардың жылыту маусымына дайындауға (қазандықты, тұрғын үйлердің төбелерін күрделі жөндеу және коммуналдық-пайдалану кәсіпорны үшін жабдықтар, материалдар, жылыту маусымына отын, арнайы автомашиналар сатып алу) 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 100000000 (бір жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі